

Сымбат Мейрам, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің 3-курс студенті.

Әліпбиді үйрену қиын емес

Президент Нұрсұлтан Назаревтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында: Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге ғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық",-делінген.

Елбасының осы ойымен толық келісемін. Әліпбиді өзгертудің мәні зор. Қазіргі қазақ әліпбиінің 42 әрпінен гөрі мектептегі оқушылар-26 латын әрібін меңгеру оңайы-және қоғамдағы саяси - әлеуттік, экономикалық жетістіктер-мен жаңа табыстарға жетелейді деп ойлаймын. Қазіргі кезде қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде көтеріліп, оның ықпалы өзіміздің Отанымызда да, шетелдерде де өсті. Жастардың көбі латын әліпбиін қолданатын шет тілдерін білуге ынталы. Бүгінгі таңда интернет, батыс мәдениеті, еуропалық сапа, талап латын әліпбиін біліп-үйренуге итермелеуде. Мен ез басым бұл үрдісті қолдаймын.

Латын тіліне көшу жұмыстары елімізде дұрыс түсіндіріліп, үйрету жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілсе екен деп ойлаймын.